

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 29 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 ақпанда N 3635 болып тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3-бабы 7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

Е. Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрлігі
Автомобиль жолдары
комитетінің төрағасы
2016 жылдың 27 қаңтар

М. Пішембаев

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы
№ 29 қаулысымен бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі

Ескерту. Солтүстік Қазақстан облысының облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 31.01.2023 № 06 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Жол индексі	Автожолдардың атауы	Жалпы ұзақтығы, шақырым
1	КТ-2	Новокаменка-Боголюбов	21
2	КТ-4	Новоникольское-Андреев ка-Бостандық- Новомихайловка	58

3	КТ-12	Булаев-Советское	54
4	КТ-14	Карақоға-Надежка	28
5	КТ-16	Смирнов-Полтавка-Ивановка-КТ-12 "Булаев - Советское" облыстық маңызы бар автожолы	72
6	КТ-19	Покровка-Ильинка-Мектеп	60
7	КТ-22	Становое-Новомихайловка-Меңкесер- КТ- 34 "Сенжарка-Троицкое-Николоевка" облыстық маңызы бар автожолы	54
8	КТ-29	Покровка-Корнеевка-Горное	57
9	КТ-32	Пресновка-Благовещенка-Қайранкөл	98
10	КТ-33	Пресновка-Архангелка-Троицкое	56
11	КТ-34	Сенжарка-Троицкое-Николоевка	69
12	КТ-39	А - 1 6 "Жезқазған-Петропавл" республикалық автожолы-Повозочное-Баян - Архангелка-КТ-33 "Пресновка-Архангелка-Троицкое" облыстық маңызы бар автожолы	36
13	КТ-40	Сергеевка-Кривошеков-Афанасьевка-Садовка-Айыртау ауданының шекарасы	53
14	КСТ-44	Астраханка-Смирнов-Қиялы-Тайынша-Алексеевка	115
15	КТ-45	Смирнов-Трудовое-Токшын-М-51 "Челябі-Новосібір" республикалық автожолы	52
16	КТ-49	А-12 "Петропавл-РФ Ишим" республикалық автожолы-Пресновка-Налобин-Солтүстік Қазақстан облысының шекарасы	42
17	КТ-50	Петропавл қаласының шекарасы - Ташкентка-Барневка-Долматов	52

18	КТ-52	Тимирязев-Аксуат-Мичурин	38
19	КСТ-57	Щучинск-Степняк-Золотая Нива- Кішкенекөл 115-219 шақырым	104
20	КСТ-59	Казгородок-Горьковское 62-203 шақырым	141
21	КТ-61	Саумалкөл-Лобанов	34
22	КСТ-62	Еленовка-Арықбалық-Чистополье-Есіл 17- 209 шақырым	192
23	КТ-64	Саумалкөл-Новоишимское-Червонное	104
24	КТ-65	Арықбалық-Саумалкөл	27
25	КТ-66	Антоновка-Лавровка-Горное	65
26	КТ-68	Лавровка-Келлеровка-Тайынша-Чкалов	171
27	КТ-83	Кішкенекөл-Телжан-Мортық-Тілеусай- Қаратерек	119
28	КТ-85	"Вороний островқа" кірер жол	11
Барлығы			1983